КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

23 қаңтар 2026 жыл іс №7119-25-00-2-15809 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды, аванстық төлемді өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды, аванстық төлемді өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«ODO Energy» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 212 404 (екі жүз он екі мың төрт жүз төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл «ҚР ҚМ МКК Астана қ. бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша МКБ» РММ, БСН 081240013779, «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, ЖСК KZ24070105KSN0000000», Кіріс БСК 204113, ТМК 119.» реквизиттер бойынша өндірілсін.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 5 589 569 (Бес миллион бес жүз сексен тоғыз мың бес жүз алпыс

Министерство финансов Республики Казахстан\Мақсұтқызы К.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тоғыз) теңге сомасындағы аванстық төлем «ҚР ҚМ МКК Астана қ. бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша МКБ» РММ, БСН 081240013779, «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, ЖСК KZ24070105KSN0000000», Кіріс БСК 204113, ТМК 119 реквизиттер бойынша өндірілсін.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 176 025 (бір жүз жетпіс алты мың жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Министерство финансов Республики Казахстан Мемлекеттік кірістер
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТЕРЕЛІК» Сотөндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТЕРЕЛІК» Судопроизводство
Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 23.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Нурсапинов Н. С., 16.03.2026
7119-25-3-1/15839